


- 7 Сол елден отаныңызға дейінгі жол жүру билеттерінің құнын біліп алыңыз. Қайтар жолға ақшаның болғаны дұрыс.
- 8 Өз жұмыс орныңыздың толық мекенжайы мен телефонын, сіздің жұмыс берушіңіз бен сізді шетелде қарсы алатын адамның есімдерін, байланыс телефондарын және деректерін біліп алыңыз.
- 9 Егер шетелге келіп сіз жағдайлардың шартта көрсетілгендерден ерекшеленетінін түсінсеңіз, сізді осы жұмыспен қамтамасыз еткен фирмамен, тұлғамен байланысыңыз. Бәрін де дереу түзетуді талап етіңіз. Жағдай өзгермесе, сіздің келісімшарттың күшін доғаруға құқығыңыз бар.
- 10 Көмек алу үшін сенім тудыратын адамдарға, үкіметтік емес ұйымдарға немесе көшедегі өтіп бара жатқан адамдарға жүгініңіз. Олар сізге көмектесулері мүмкін.
- 11 Қауіп-қатерді сезсеңіз — жәрдемге шақыруға және қарсылық көрсетуге қорықпаңыз. (Сіздің өміріңізге қауіп төндіретін жағдайларда олай істеуші болмаңыз: ыңғайлы сәтті күткен дұрыс).
- 12 Шетелде болған кезде ешбір күдікті сыйлықты және ақшаны қарызға алушы болмаңыз.
- 13 Шетел мемлекетінің шекарасынан өткеннен кейін сізге оның сіз қатаң сақтауыңыз тиісті заңдарының әрекеті таралады. Бұдан басқа, жергілікті әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді, әсіресе Азия мен Африка елдерінде, қадірлеу қажеттілігіне ерекше назар аудару қажет.
- 14 Себептеріне қарамастан, ұсталу немесе тұтқындалу жағдайында, сіздің мекендеу еліндегі Қазақстанның консулдық мекемесінің қызметкерімен кездесуді талап етуге құқығыңыз бар екендігін есіңізде сақтаңыз. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері жоқ болған елдерде Сіз көмек алу үшін Ресей Федерациясының ұқсас мекемелеріне жүгіне аласыз.
- 15 Шетел мемлекетіне оқу, жұмыс істеу немесе тұрақты мекендеу мақсатымен келген азаматтарға сіздің тұратын мекеніңізге ең жақын Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігінде немесе консулдық мекемесінде тіркелуге кеңес беріледі. Олармен пошта, телефон немесе ғаламтор арқылы жүйелі байланыста болыңыз.





БІРНЕШЕ КЕҢЕС:

- ✓ адамдардың аты-жөндерін, автокөліктер нөмірлері мен ғимараттардағы жазбаларды **есте сақтап отырыңыз** (бұл деректер полицияға хабарлау үшін қажет);
- ✓ егер сіз **қашып құтыла алған болсаңыз**, көмек алу үшін сенім тудыратын адамдарға және үкіметтік емес ұйымдарға жүгініңіз;
- ✓ егер сіз **босана алған болсаңыз**, құтылу мүмкіндігі шуылды пайдалана (кез келген тәсілмен) өзіңізге көңіл аудара алатын жағдайда пайда болады — қылмыскерлердің шуылдан қорқатынын есіңізде сақтаңыз;
- ✓ Қазақстаннан сапарға шықпас бұрын, **11616 жедел желі телефоны бойынша кеңес алыңыз**.
- ✓ ҚР СІМ www.mfa.gov.kz сайтында күтпеген жағдайда не істеу керек жайлы ақпаратты таба аласыз. Соған сәйкес әрекет етіңіз немесе Қазақстанның Сыртқы істер министрлігіне жедел желісіне қоңырау шалыңыз. Кезекші дипломат **+7 (7172) 72 01 11** (түнгі уақытта және демалыс күндерінде).



АДАМ САУДАСЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ШЕТЕЛГЕ АТТАНАТЫН ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА





ЕГЕР СІЗ ШЕТЕЛДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖИНАЛСАҢЫЗ



Туристтік фирмадан немесе агенттіктен шетелде жұмысқа орналастырумен айналысуға рұқсат беретін лицензияны міндетті түрде сұраңыз. Лицензия фирманың кеңсесінде көзге түсетін жерде болуы тиіс. Фирма мен шетелдік жұмыс беруші арасында шарттың бар болуына көз жеткізіңіз.

Сіз баруға жиналған ел елшілігінің визалық бөліміне жүгініңіз де, осы елдегі жұмыс туралы ақпаратты алыңыз: қандай виза қажет, оның рәсімделу ұзақтығы, бағасы, визаны сұрату үдерісі қандай, жұмыс істеуге келушілерге қандай талаптар қойылуда. Шетелде жұмысқа орналасу құқығы тек жұмыс визасы бар болғанда ғана жарамды болатынын есіңізде сақтаңыз. Виза мәртебесін шетелде өзгерту туралы уәделеріне сенуші болмаңыз — бұл алдаушылық.



Фирма қызметінің заңдылығын растайтын барлық ресми құжаттардың ұсынылуын талап етіңіз.



Шартта айыппұлдарды, қарызды, несиені тықпалау немесе ақшаны ұстап қалумен байланысты ақпарат қамтылмауы тиіс.

Шартта/келісімшартта міндетті түрде төмендегі ақпарат көрсетілуі тиіс:

- сізді жіберетін фирманың атауы, лицензия нөмірі, заңды мекенжайы, делдал фирманың координаттары;
- сіз жұмыс істейтін жұмыс беруші фирманың атауы, лицензия нөмірі, заңды мекенжайы, телефоны мен аты;
- сіздің еңбек міндеттеріңіз бен құқықтарыңыз, жұмыс берушінің міндеттері, жұмыс уақыты, жұмыс беруші беретін әлеуметтік кепілдіктер толығымен және дәл көрсетілген;
- шарт әрекетінің басталуы мен аяқталуы (міндетті).

Сондай-ақ, шарттағы барлық тармақтарға назар аудару қажет. **Қандай болса да қағаздарға** алдын ала кеңес алусыз қол қоюға болмайтынын есіңізде сақтаңыз. Келісімшарттың орыс немесе қазақ тілінде немесе сізге түсінікті тілде жазылуын қадағалаңыз. Ішінде қамтылған талаптардың дұрыстығын анықтау мақсатында заңгерге жүгіну үшін шарттың өз нысанын алуға талпыныңыз.

Шешімді қабылдауға асықпаңыз. Кейде сіздің жақын туыстарыңызбен ақылдасып, ұсынысты ойлап алуға уақыт бермеу үшін адам саудагерлері жұмыс орнының тез арада бос емес болып қалуы мүмкін деп айтады.

Егер фирманың Сізге өз қызметі және оның заңдылығы туралы толық ақпаратты беруге ниеті болмаса, немесе сізді алдап кетуге тырысатынын сезетін болсаңыз — осы фирмамен байланысудың қажеті жоқ.

ЕГЕР СІЗ ӘЛДЕҚАШАН КЕЛІСІМШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙЫП ЖОЛҒА ШЫҒУҒА ДАЙЫН БОЛСАҢЫЗ:

- 1 Шетелге жүріп кетпес бұрын сіз жұмыс істейтін ниетіңіз бар елдегі Қазақстандық елшіліктер мен консулдықтарының, сонымен қатар сізге көмектесе алатын Әйелдерге арналған дағдарыс орталықтары, Қызыл Крест, діни ұйымдар және т.б. секілді қоғамдық ұйымдардың мекенжайларын және телефондарын біліп алыңыз.
- 2 Сіз баруға дайындалған ел, олардың заңнамасы мен тілі туралы мүмкіншілігінше көбірек ақпарат жинап алыңыз (ағылшын тілін білу кейде жеткіліксіз болады, себебі кейбір елдерде сізді түсінбеуі мүмкін).
- 3 Өз төлқұжатыңызды ешкімге сеніп тапсырушы болмаңыз. Өзіңіздің төлқұжатыңыздың бірнеше ксерокөшірмесін (нотариуспен куәландырылғаны дұрыс) жасап, жолжүгініңіздің әр түрлі жерлеріне тығып қойыңыз. Құжаттарыңызды тек полицейлер мен шекарашыларға ғана көрсетіңіз.
- 4 Мемлекеттік шекараларды еш уақытта заңсыз құжаттармен кесіп өтуге талпынушы болмаңыз. Егер сізге жаңа жалған төлқұжатты немесе өзге құжаттарды алуды ұсынып, осының дұрыс деп айта-тын болса — келісуші болмаңыз.
- 5 Туыстарыңызбен шартты қауіптілік сигналы туралы уағдаласып алыңыз — құпиясөз-сөйлем (мысалы: «Қарағандыдағы туыстарымыздың қал-жағдайы қалай?»). Сіз қоңырау шалатын уақытты тағайындап қойыңыз.
- 6 Ата-анаңызға, туыстарыңызға немесе достарыңызға сіздің барлық құжаттарыңыздың көшірмелерін, сіздің соңғы фото-суреттеріңізді, шетелдегі жұмыс орынның телефондарын қалдырыңыз. Егер құжаттарыңызды ұрласа, кешікпей полицияға немесе Елшілікке жүгініңіз.

